

нысан

Табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына ұсынылады.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны www.economy.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Қызмет бағыттарының элементтерін ішкі және сыртқы көрсетілетін қызметтерге бөлу туралы есеп

Есепті кезең 20 ____ жыл

Әкімшілік деректер нысанының индексі: БЕ-Мұнай-14

Кезеңділігі: жылдық

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілері

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: - ағымдағы жылғы 1 мамырға дейін

(ұйымның атауы)

(мың теңге)

Қызмет бағыттары элементтерінің атауы	Бөлу базасының атауы	Көрсетілетін қызметтер				
		ішкі			сыртқы	
		1-көрсетілетін қызмет	2- көрсетілетін қызмет	N-көрсетілетін қызмет	1-реттеліп көрсетілетін қызмет	2-реттеліп көрсетілетін қызмет
1	2	3	4	5	6	7
Шығындар						
1-элемент						
2-элемент						
N-элемент						
Шығындар жиыны						
Активтер						

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы
Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы
_____ жылғы " ____ " _____

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Қызмет бағыттарының элементтерін ішкі және сыртқы көрсетілетін қызметтерге бөлу туралы есеп (индекс – БЕ -Мұнай-14) кезеңділігі: жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау көрсетілетін қызметтерін және басқа да көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі – субъект) ішкі және сыртқы көрсетілетін қызметтерге қызмет бағыттарының элементтерін бөлу туралы есебін жасауға және ұсынуға арналған.

2. Субъектілер әрбір көрсетілетін қызмет түрі бойынша кірістердің, шығындар мен тартылған активтердің бөлек есебін жүзеге асырады.

3. Құндық көріністегі барлық көрсеткіштер ондық белгісіз мың теңгеде толтырылады.

4. Есепке субъектінің басшысы және бас бухгалтері қол қояды. Есеп уәкілетті органның ведомствосына электрондық және қағаз жеткізгіште ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Осы есеп екі кезеңге бөлінеді. 1-кезеңде субъектінің шығындары, 2-кезеңде – субъектінің активтері көзделеді.

6. 1-бағанда қызмет бағыттары элементтерінің атауы (қызмет бағытының элементтері – көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде олардың құны мен онымен байланысты шығындарды кейін реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлеріне және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтерге бөлумен қызмет бағыттарына бөлу үшін біріктірілген реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде пайдаланылатын негізгі құралдар тобы) келтірілген.

7. Есептің 2-бағанында бөлу базасының атауы туралы ақпарат келтіріледі (бөлу базасы – шығындар, тартылған активтер, негізгі құралдардың топтары мен көрсетілетін қызметтер арасындағы тәуелділікті көрсететін көрсеткіш).

8. Есептің 3, 4 және 5-бағандарында субъектінің ішкі көрсетілетін қызметтері туралы деректер келтіріледі (ішкі көрсетілетін қызметтер – мұнай тасымалдау ұйымы қызметінің бір бағыттарында өндірілетін және осы ұйым қызметінің басқа бағыттарында бұдан әрі сыртқы қызметті ұсыну мақсатында тұтынылатын қызметтер).

9. Есептің 6, 7 және 8-бағандарында субъектінің сыртқы көрсетілетін қызметтері туралы деректері (сыртқы көрсетілетін қызметтер – мұнай тасымалдау ұйымдарының көрсетілетін қызметтері, оның ішінде сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын реттеліп көрсетілмейтін қызметтер) келтіріледі.